

1992 жылғы 20 мамырда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімнің ережелерін қолдану жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 1301 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылғы 30 желтоқсанда Астана қаласында жасалған 1992 жылғы 20 мамырда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімнің ережелерін қолдану жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 1301 қаулысымен
бекітілген

**1992 жылғы 20 мамырда қол қойылған Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы
Жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты
келісімнің ережелерін қолдану жөніндегі өзара түсіністік туралы
меморандум**

(2014 жылғы 8 қантарда құшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2018 ж., № 3, 21-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі (бұдан әрі – Тараптар),

1992 жылғы 20 мамырда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімнің (бұдан әрі – Негізdemelіk келісім) V бабына сәйкес,

Негізdemelіk келісімге сәйкес салықтардан босату үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ Жәрдемдесу бағдарламаларына қатысты ақпарат ұсыну мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

1 бап

Негізdemелік келісімге сәйкес Жәрдемдесу бағдарламалары деп қайтарымсыз негізде Америка Құрама Штаттарының Үкіметі (бұдан әрі – АҚШ Үкіметі) ұсынатын, Қазақстан халқының игілігі үшін ізгілік көмек, техникалық және экономикалық жәрдем көрсетуге бағытталған бағдарламалар (бұдан әрі – Жәрдемдесу бағдарламалары) түсініледі. Тараптардың құзыретті органдары Негізdemелік келісімге сәйкес Жәрдемдесу бағдарламаларының басымдықтарына, мақсаттары мен бағыттарына, қол жеткізілуге тиіс нәтижелерге және нәтижелерді бағалау тәсілдеріне, сондай-ақ Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты тиісті мәселелерді мерзімді талқылайтын болады.

2 бап

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі (бұдан әрі – Экономика министрлігі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органы болып табылады, Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігі (бұдан әрі – АҚШ Елшілігі) АҚШ Үкіметінің құзыретті органы болып табылады. Тараптар өздерінің құзыретті органдарының өзгеруі туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы мұндай өзгеріс туралы шешім қабылданған күннен кейін 30 күн ішінде хабардар етеді.

3 бап

Жыл сайын, 31 қаңтарға дейін АҚШ Елшілігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Экономика министрлігіне мыналарды:

(а) алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылған Жәрдемдесу бағдарламаларын іске асыру мақсаттары мен міндеттерін, мерзімдерін және Негізdemелік келісімге сәйкес Жәрдемдесу бағдарламаларын орындастырын барлық үйымдарды қаржыландыру көлемін қоса алғанда, олардың тізбесін;

(б) АҚШ үйымдарының осындағы кез келген тізімін кейіннен қажетіне қарай өзгерту немесе толықтыру мүмкіндігі шартымен олар жүзеге асыратын қызмет түрлерін көрсете отырып, АҚШ-тың Жәрдемдесу бағдарламаларын жүзеге асыратын үкіметтік және жеке меншік үйымдарының (бұдан әрі – АҚШ үйымдары) тізбесін;

(с) АҚШ Конгресіне берілген Жәрдемдесу бағдарламаларының орындалуы жөніндегі жыл сайынғы есептің көшірмесін;

(д) беру туралы Тараптар алдағы уақытта уағдаласуы мүмкін Жәрдемдесу бағдарламаларына қатысты ақпаратты жолдайтын болады.

4 бап

Егер АҚШ-тың Жәрдемдесу бағдарламаларын орындайтын жеке меншік ұйымдары мен олардың қызметкерлері Негізdemелік келісімде көзделмеген өзге қызметті жүзеге асырған жағдайда, Тараптар мұндай қызметке салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатынын таниды. Негізdemелік келісімге қатысты "АҚШ-тың жеке меншік ұйымы" - бұл Америка Құрама Штаттары штаттарының кез келгенінің заңнамасына сәйкес корпорация, бизнес траст, мұліктік кешен, траст, серіктестік, қор немесе қауымдастық ретінде қалыптастырылған үкіметтік емес ұйым.

5 бап

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі АҚШ Елшілігіне АҚШ-тың Жәрдемдесу бағдарламаларын орындайтын ұйымдарының кез келгенінің құқықтық мәртебесі туралы ақпарат беруге қатысты сұрау салуға құқылы.

6 бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі дипломатиялық арналар арқылы, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы Негізdemелік келісімге сәйкес Жәрдемдесу бағдарламаларын орындау үшін қажет болуы мүмкін тіркеу, Қазақстан Республикасының рұқсаттары мен лицензияларын алу үдерістерін Негізdemелік келісімге сәйкес салықтан босатуды жеңілдету және жеделдету мәселелерінде жәрдем көрсетеді.

7 бап

Тараптар арасындағы осы Меморандумды орындауға қатысты барлық даулы мәселелер өзара консультациялар арқылы шешілетін болады.

8 бап

Осы Меморандум Негізdemелік келісімге сәйкес орындалады және Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі оның күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы хабардар еткен сәттен бастап күшіне енеді.

9 бап

Осы Меморандум Негізdemелік келісімнің қолданылуы тоқтатылған сәттен бастап өзінің қолданылуын тоқтатады.

Астана қаласында 2010 жылғы 30 желтоқсанда әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Казақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұдан әрі Меморандумның ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК